

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



*Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым*

**000011**

**29.07.2020 ж**



**2**

**0**

**2**

**0**

**БОЛЫСОВА АЙГҮЛ  
НҰРСҰЛТАНҚЫЗЫ**

*Қызылорда қаласы, Т.Рысқұлов атындағы  
№ 222 орта мектептің өзін-өзі тану пәні мұғалімі*

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

**29.07.2020 ЖЫЛ | № 00011**

**Білім беретін, ғылыми,  
танымдық, жарнамалық басылым**

-----  
МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы  
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы  
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.  
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

-----  
«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың  
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.  
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

-----  
Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

-----  
Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.  
Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

## **БОЛАШАҚҚА БАҒДАР РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

*Қызылорда қаласы, Т.Рысқұлов атындағы № 222 орта  
мектептің өзін-өзі тану пәні мұғалімі  
Болысова Айгүл Нұрсұлтанқызы*

Кемел келешекке жол бастау оның айқын бағдарын болжау уақыттың қағидасы іспетті. Жылдар жылжып заман өз көшін ілгерлеткен сайын бағыты бұлыңғыр жаңа тарихи кезең басталады. Жедел дамып, жаһанданып жатқан мына кезеңде дүниетанымымыз да заманауи қоғамның ағымына ілепеске лажы жоқ. Рухани жаңғыру ұлттық сананың құдіретімен санаса отырып, жаңаның сан-салалы сындарлы жақтарын тоғыстыра алса болғаны. Рухани жаңғыру қайта түлеудің, жанданудың сара жолы.

Руханият адамзат баласының ішкі парасатының бай, адамгершілік құндықтарының мол, адами игіліктері мейлінше зор қалыбымен ұлттық болмысына сүйене отырып ізгілікке бастайды.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың руханияты қандай болған? Ол біз үшін қаншалықты маңызды деген сұрақтар көкейде тұруы анық. Қанымызға сіңген көптеген дағдылар салт пен болмыстың заман талабына сай жаңаша тұрпатта жандануы осыған дәлел. Осы мақсатта елімізде, дамыған біртұтас ұлт болу үшін кезең-кезеңмен түрлі бағдарламалар қабылданып атқарылуда. Осы орайда жаңғыру процесінің аталмыш басымдықтары назарға алынып отыр. Бұл күнде рухани жаңғыру заманауи құндылықтардың жандануымен ерекше қолдау табуда. Сонымен бірге рухани жаңғырудың маңызды саласы ретінде бәсекелестік қабілет екені бізге мәлім.

Бәсекелестік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта өзгелерге ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл тек материалдық өнім ғана емес сонымен бірге білім, зияткерлік, сапалы еңбек ресурстарының болуы.

Болашақта ұлтымыздың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес бәсекелестік қабілетімен айқындалады. Осылайша әрбір қазақстандық, тұтас ұлт ретінде болашаққа бағдар жасайды. Атап көрсететін болсақ, ақпараттық сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты алға қадам басудың қажетті алғышарттары. Сол сияқты кез-келген күштің дәрежесі бірлікте екенін ұғыну.

Ендеше, рухани жаңғырудың тағы бір қыры елді бірлік пен татулыққа шақыру. Менің пікірмше, елдің ертеңі үшін біріге отырып, бәсекелес болу, қайта жаңғыру, жаңаша өсудің болашақ үшін маңызы зор.

\* \* \* \* \*